

Петропавл қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" N 98 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 4 мамырдағы N 150 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 5 маусымда N 940 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы "2003 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" N 362-II Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес, "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің N 3 бұйрығына N 6 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 15 қаңтарда N 2119 нөмірмен тіркелген) Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 52 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отыра, "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығының негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы" (Әділет басқармасында 2002 жылғы 27 маусымдағы мемлекеттік тіркеу N 683; Петропавл қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі N 169 қаулысымен өзгерістер енгізілген, 2002 жылғы 5 шілдедегі "Добрый вечер" газеті, 2002 жылғы 1 қазандағы мемлекеттік тіркеу N 726) N 98 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген "Аз қамтамасыз етілген зейнеткерлерге қала көлігінде саяжай маусымында, 1 мамырдан 30 қыркүйекке дейін жүруге әлеуметтік көмек көрсету Ережелері" N 1 қосымшада:

2-тармақтағы "5100" саны "7 айлық есептік көрсеткіштері" санымен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "6-2-105-60-00-332" функционалдық сыныптамасының коды "6-2-258-51-00-332" функционалдық сыныптамасының кодымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

Қала әкімі

Келісілді:

*Еңбек, жұмыспен қамту
және халықты әлеуметтік
қорғау басқармасының бастығы*

2003 ж. 30 сәуір

Келісілді:

*Қалалық қаржы
басқармасының бастығы*

2003 ж. 30 сәуір